



# 9 ТАҚЫРЫП. ЖЕР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бұл тақырып жер құқық бұзушылықтарының түрлерін, олардың құрамын және осы бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің түрлерін қарастырады. Жер заңдарын бұзғаны үшін қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік және азаматтық жауапкершіліктердің ерекшеліктері мен қолданылуы талқыланады.

**Имансакипова Б.Б.**

# Жер құқық бұзушылықтарының түсінігі, түрлері және құрамы

## 1 Жер құқық бұзушылық дегеніміз

жер құқықтық тәртіпті жер меншік иелерінің жер пайдаланушылардың құқығымен заңды мүдделерін заңсыз кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік арқылы бұзу.

## 2 Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартудың негізі

нақты құқық бұзушылықтың көрініс табуы.

## 3 Жер құқық бұзушылықтың құрамы

объектісі, объективтік жағы, субъектісі және субъективтік жағы.

## 4 Кінәнің нысандары

қасақана және абайсыздық.





# Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершіліктің түрлері

## Әкімшілік жауапкершілік

Жер заңдарын бұзғаны үшін қолданылатын жауапкершіліктің кең тараған түрі.

## Тәртіптік жауапкершілік

Тек қана жеке тұлғалар тартылады.

## Қылмыстық жауапкершілік

Мемлекеттің заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді.

## Азаматтық құқықтық жауапкершілік

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамалары нормаларымен реттеледі.

# Жер құқық бұзушылықтарының түрлері

Жерге меншік иесінің құқығын бұзу саласындағы құқық бұзушылықтар

Жер пайдаланушының жер жер пайдалану құқығын бұзу саласындағы құқық бұзушылықтар

Жердің экологиялық жағдайын бұзу саласындағы құқық бұзушылықтар

# Жердің экологиялық жағдайын бұзудың түрлері

1. жердің (топырақтың) құнарлы қабатын бұзу жоғалту
2. жердің құнарлы қабатын сыдырап алу
3. жердің құнарлығына теріс әсер ететін мелиоративтік жұмыстар жүргізу
4. жерде арамшөптер мен зиянды карантинді өсімдіктердің, бұталардың қаптап кетуіне жол беру
5. су және жел эрозиясына қарсы агротехникалық шаралар қолданбау
6. жердің құнарлығын арттыру агротехникалық шараларын қолданбау нәтижесінде жердің құнарлығының елеулі түрде төмендету
7. топырақты (жерде) зиянды заттардың, зиянды микро-организмдердің және топырақты ластайтын басқа да биологиялық заттардың қолдануына нормативтік шегінен тыс жол берілуі
8. жаңа және қайта жаңартылған үйлерді, құрылыстарды, ғимараттар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау мен пайдалануға беру кезінде, жердің жай-күйіне қолайсыз ықпал ететін жаңа техника мен технологияларды енгізу кезінде жерді қорғау жөніндегі шаралар көзделуге және жүзеге асыруға, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және өзге де арнайы талаптардың (нормативтерді, нормалардың, ережелердің) орындалмауы
9. нормативтен тыс радиациялық ластануға ұшырған немесе халықтың өмірі мен денсаулығына қандай да бір қатер төндіретін жер учаскелерін жеке меншікке тұрақты немесе уақытша беру
10. заңдармен белгіленген санитарлық талаптарға және нормативтерге сәйкес өнім алу қамтамасыз етілмейтін радиоактивтік ластануға ұшырған жер учаскелерін ауыл шаруашылық айналымынан уағында шығармау
11. жерді селден, көшкіннен, су астында қалудан, батпақтаудан, қайталап сортанданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан қорғау шараларын қолданбау т.б.

# Жер заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік құқықтық жауапкершілік

## 1 Жер құқық бұзғаны үшін қолданылатын жауапкершіліктің кең тараған түрі

және нақты жетілдірілген түрі әкімшілік жауапкершілік.

## 2 Жер құқық қатынастары аясында әкімшілік жауапкершіліктің артықшылықтары

Қолдану процедурасының салыстырмалы түрде оңай болуы, әкімшілік теріс қылыққа жедел әсер етуі, қажетті деңгейдегі шығын орнын толтыру функциясының көрініс табуы, құқыққа қарсы әрекет зардаптардың туындауын күтпей-ақ құқық бұзушылықты алдын алу мүмкіндігі, теріс қылықпен нақты жаза арасындағы уақыттың салыстырмалы қысқа болуы.





# Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жер құқық бұзушылық құрамы

Әкімшілік құқық бұзушылықтар  
туралы кодекстің 250-бабы

жерді бүлдіру

Әкімшілік құқық бұзушылықтар  
туралы кодекстің 251-бабы

ауыл шаруашылық мақсатындағы  
жерді тиімсіз пайдалану

Әкімшілік құқық бұзушылықтар  
туралы кодекстің 252-257 баптары

басқа да жер құқық  
бұзушылықтары



# Қылмыстық құқықтық жауапкершілік

## 1 Қылмыстық жауапкершілік

мемлекеттің заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді.

## 2 Адам қылмыстық жауаптылыққа

істеген іс-әрекеттерінде қылмыстық заңда көрсетілген нақтылы бір қылмыстың құрамы болған жағдайда ғана тартылады.

## 3 Қылмыстық жауапкершілік

бұл қылмыстық құқылық норманы бұзудың нәтижесі, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің көрінісі болып табылады.

## 4 Қылмыс істелмесе

қылмыстық жауаптылық та болмайды.





# Тәртіптік құқықтық жауапкершілік

## 1 Аталған жауапкершілікке тек қана жеке тұлғалар тартылады.

Оның қолдануы негізі болып тәртіптік теріс қылық болып табылады.

## 2 Тәртіптік жауапкершіліктің ерекшеліктері

Тек қана жеке тұлғаларға қатысты қолданылады, өзге заңды жауапкершілік түрлерімен қатар қолданылады, жұмыскердің жұмыс уақыты кезінде жасалған теріс қылық үшін қолданылады, субъектісі тек қана жұмыс істеп жүрген жұмысшы, жер заңдарының нормаларына байланысты тәртіптерді орындауға міндетті жұмысшылар мен қызметкерлерге қолданылады, жұмыс істеп жүрген уақтысында жауапкершілік заңдарын бұзғаны үшін қолданылады, тек қана ұйым әкімшілігін басқару органы қолданылады, мүліктік жауапкершілікпен қатар қолданылуы мүмкін, ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан шығару сияқты жазалау шараларын қолданумен ерекшеленеді, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексімен және белгілі бір ұйымның жарғысына сәйкес жасалған ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.

haine and for aftchal.

In ftnerlme ahetiars of thy  
*sek appreiration law.*

# Азаматтық құқықтық жауапкершілік

## 1 Азаматтық жауапкершілік

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамалары нормаларымен реттеледі.

## 2 Азаматтық құқықтық жауапкершіліктің ерекшеліктері

Бұл жауапкершілік жеке және заңды тұлғалар тартылуы мүмкін, басқа заңдылық жауапкершілік түрлерімен қатар қолдануы мүмкін, шығындарды зиянды өтеу туралы тек сот органы арқылы шешіледі.